

Қарағанды ғалымдары

Қарағандыдағы химия ғылымының дамуы туралы сөз қозғаған кезде академик Ебіней Арыстанұлы БӨКЕТОВТІң есімі еріксіз ойға оралады. Ол біздің қалада көптеген ғылыми мекемелердің ашылуына ықпал етті. Соның бірі – Органикалық синтез және көмір химиясы институты.

ХИМИКТЕРДІҢ
ҮЛЕСІ ОРАСАН

ҚР Органикалық синтез және көмір химиясы институты 1983 жылы құрылды және ол қазіргі күнге дейін көмірді химиялық қайта өңдеудің, полимерлік химияның және назік органикалық синтездің жаңа технологиясын жасау саласында маманданған Қазақстандағы жетекші ғылыми мекеме болып табылады. Институттың негізгі шикізат базасы химиялық өнімдерді синтездеу үшін Орталық Қазақстандағы көмір мен көмір қалдықтары, Қарағанды бассейнінің тас көмірін қосқандағы және шығатын өнімдер. Өзінің қызметі жылдарында институт Орталық Қазақстанда өндірілетін көмірлерге химиялық-технологиялық баға беріп, петрографиялық құрамын тексерді, физикалық-химиялық қасиеттері мен әр түрлі химиялық процестер кезіндегі реакциялық қабілетін зерттеді.

Институттың негізгі ғылыми жетістігіне катализаторлық гидрогенизация және көмірдің химиялық түрленуі бойынша көмір өнімдері негізді карбидтік ацетилен, ыстыққа төзімді, полимерлер мен кен өнеркәсібі үшін жабысқақ заттар, гумиді органикалық-минералдық ынтайқыштар, өсімдіктердің өсуіне ықпал ететін заттар, топырақтың құрамын жақсартатын заттар, ағын суларды тазарту үшін қолданылатын сорбенттер, жаңа пестицидтер мен емдік заттар бойынша іргелі зерттеулерді жатқызуға болады.

Өндірілген көмір өнімдері негізінде институт ғалымдары қазіргі кезде өндіріске енгізуге 10 жоба дайындап қойды. Олардың ішінде, көмір қалдықтары негізінде жоғары тиімділікті органикалық-минералдық гумиді ынтайқыштарды өндіру технологиясы (ҚР 5 жаңашылдық патентін алған), топырақтың құрамын жасау, анансорбенттер, флоторагенттер өндірісінің технологиясы (ҚР 10 жаңашылдық патентін алған) сияқтылар бар.

Институтта ығылғанды жинақтаушы әсері бар табиғи гумидік ынтайқыштар мен көмірлі сорбент материалдарын жасаудың техникалық шарттары мен технологиялық ережелерін зерделеуге арналған тәулігіне 500-700 келі өнім шығаратын шағын цех жасалған.

Қазіргі кезде ғалымдардың зерттеулерінде жаңа материалдарды, өнімдерді, катализаторларды, бірегей қасиеттері бар дәрі-дәрмек үлгілерін жасаудың ресурстар мен қуаттарды үнемдеуге үлкен мүмкіндік беретін нанотехнологиялық процестер жасау жөніндегі зерттеулерге баса назар аударуда.

ИОСУ еліміздегі жоғары білікті маман кадрлар даярлау ісіне ерекше үлес қосып келеді. Мұнда органикалық химия және электрохимия мамандықтары бойынша ғылым докторы ғылыми дәрежесіне диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес 1997 жылдан 2007 жылға дейін жұмыс істеді. Институт жанындағы диссертациялық кеңес жұмыс істеген осы он жыл ішінде ғана 18 докторлық және 86 кандидаттық диссертация қорғалған екен. Оның ішінде, 9 докторлық және 47 кандидаттық диссертацияны осы институттың өзінің докторанттары, аспиранттары мен ғылыми қызметкерлері қорғаған.

ҚР Органикалық синтез және көмір химиясы институтында іргелі және қолданбалы бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары ғылыми деңгейде жүргізуге қабілетті, біліктілігі жоғары ғалымдар құрамы тұрақты қызмет атқарады.

Бұл күндері ғалымдардың алдында аса маңызды міндеттер тұр. Ол

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Қазақстанның Мәдениет қайраткері.

Мезгіл мәселесі

Облыс орталығының кіре берісіндегі күре жалдың бойына орналасқан Құрма селолық округі құрылыс алаңына айналды. Абай аудандық құрылыс бөлімінің мәліметтеріне сүйенсек, бүгінгі таңда елді мекенде жалпы білім беретін мектеп пен дәрігерлік амбулатория, сондай-ақ, су тасқынынан зардап шеккен үш үй қайта көтерлу үстінде. Құрылыс жұмыстарына қаражат бюджеттен қарастырылған.

Құрмадағы құрылыс – қарқынды



Жақында құрылыстардың құжаттық тұрғыда рәсімделу заңдылықтары мен нысандардың салыну сапасын бағамдауды мұрат тұтқан аудан әкімі Серік Шайдаров жұмыс жағдайымен арнайы барып танысты. Құрма ауылындағы 320 шәкіртке арналған жаңы білім беру мектебінің құрылысы 2014 жылдың шілде айында басталған болатын. Тапсырыс беруші Қарағанды облыстық құрылыс басқармасы болса, мердігер-кәсіпорын «Оливия» ЖШС (В.Ожон) ал, авторлық қадағалау «Строй Бизнес Консалтинг» ЖШС (Е.Хен) еншісінде. Инженерлік қызметті үйлестіру міндеті «Техноэксперт КЗ» ЖШС (Б.Шабдықеев) жүктелген екен. 2014 жылғы 1 шілдедегі №98 келісім бойынша 755 412,6 мың теңгеге шарт жасалып, оның 388 591,3 мың теңгесі (51,4%) игерілген.

Тапсырыс берушінің ақпараты бойынша білім ошағының құрылыс-құрастыру жұмыстары биылғы жылдың тамызы айына дейін аяқталуы керек. Алайда, жұмыс кестесінен қалыс қалуы себепті қоныстану қарекеттері қайта қаралуда. Мұнда 7 арнайы құрылыс техникасы мен 40 адам еңбек етуде. Кіріпштен өрілген екі қабатты мектеп ғимараты бір-бірімен жалғасқан үш бөлімнен тұрады: оқу блогы, шаруашылық және спорттық блоктары. Екі қабатты оқу блогының іргетасы құйылып, кірпіш қабырғалары қаланды, бөлме аралықтары толығымен бөлінген, темір-бетондармен қаптау, жабу жұмыстары да, шатырдың ағаш қондырғылары да, сылау-сырлау жұмыстары 100 пайыз атқарылған. Электр қондырғыларын монтаждау – 80 пайыз, сантехникалық жабдықтар – 20 пайыз, ауа айналымының аспаптары – 4 пайыз монтаждалған. Техникалық қондырғылар орнату жұмыстары 60 пайыздық деңгейде орындалған. Бұдан тысқары, ғимаратқа су жеткізу жүйесінің жұмыстары да толыққанды жүзеге асырылған екен.

Өлеуметтік маңызы зор келесі нысан – «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қолға алынған, бір ауысымда 20 тұрғынды қабылдай алатын дәрігерлік амбулатория құрылысы. Тапсырыс беруші – Қарағанды облыстық құрылыс басқармасы мердігері Т.Әшімов жетекшілік ететін «Аспал» ӨК. Авторлық қадағалау «Spring Ltd» ЖШС (С.Әубәкіров) еншісінде, инженерлік қызмет «Кристал Строй» ЖШС-іне (Д.Дудко) жүктелген. Құрылыс жүргізу мерзімі осы жылдың мамыр-қыркүйек айлары болатын. Жұмыстар кестеге сай атқарылуда, жер жұмыстары мен іргетасты қондыру істері, кірпіш қабырғаларды қалау мен темір-бетондарды жабу шаралары толықтай атқарылған.



АБАЙ ауданы.

Келісім-шарт 2015 жылғы 6 мамырда жасалған. Шарт сомасы – 136 528 мың теңге, ағымдағы жұмыстарға 135 907 мың теңге жұмсалған. Құрылыс ба-сында 15 адам мен 3 техника тұрақты еңбек етуде.

Биылғы көктемде Құрма селолық округінің Жұмабек ауылындағы бір-шама үй қызып судың қырсығына ұшыраған болатын. Жасалып жатқан жерде жұмыстарымен ауыл жұртшылығы жақсы таныс. Ауылдағы Центральная көшесіндегі №2, №14

үйлерді қайта салу жұмыстарын «Оливия» ЖШС мойнына алған екен. Ірге тастары мен монолиттік белдеу, қалау жұмыстары 100 пайыз жасалған. Сол көшедегі №10 үйдің 2-пәтерін «Стека Проект» ЖШС салып жатыр. Мұндағы межелі жұмыстар да жоғарыдағыдай деңгейде атқарылып, тек қана бөлік аралықтарын қалау істері 70 пайыз, ал, сылау-тегістеу жұмыстарының 20 пайызы орындалыпты. Аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы құрылыс барысын қадағалай жүріп, өлеуметтік маңызы бар нысандар мен жеке үй құрылыстарына жергілікті азаматтарды тарту қажет екендігін шегелеп айтты.

Қаржының жұмсалыу мәселесі құрылыс органдар тарапынан бақылау отырмақ. Сондықтан, ауылдық округтің әкімі Жанат Жұмаділ мен Абай аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Мағзин мердігерлермен бірлесіп отырып, жұмыс үдерісі кестеден кешікпей мақсатында тындырымды әрекет етуде.

Руслан НҰРБАЙ.

Ардагерлер кеңесінде

Үнемі назарда ұстайды

Қарттарын құрметтеген халықпыз. Қазіргі құбылып тұрған кезеңде қарттардың көңіліне қазу түсірмей, керек болса қол ұшын беріп, көңілдерін аулап, хал-жағдайларын біліп, әңгіме-дүкен құрып жүргенге жетер шаруа бар ма? Біздің Октябрь аудандық ардагерлер кеңесі осы қағида ұстанымына орай, өз жұмысын жүйелі жүргізіп келеді.

Ауданымызда қазіргі таңда Ұлы Отан соғысының алпыстан астам ардагері бар. Уақыт өткен сайын денсаулықтары сыр беретін белгілі жайт. Сондықтан, барлық зейнет жасындағы адамдарды есепке алып, науқастарын бақылап, олармен күнде байланыс жасап отыруды ардагерлер кеңесі бұлжытпай орындап келеді. Ұлы Отан соғысының әрбір

ардагеріне жеке-жеке материалдық, рухани қамқорлық жасап, еліміздің атаулы мерекелік күндеріне байланысты ақшалай, заттай сыйлықтар, мәдениет орындарына тегін билет беру сияқты шаралар жиі жасалып тұрады. Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Аймағамбетовтің тікелей араласуымен, аудан әкімшілігімен келісе отырып, барлық зейнеткерлерді кәсіпорындарға, өздері жұмыс істеген мекемелерге, өндіріс орындарына бекіту орындалды. Ем-деу мекемелерімен бірлесіп зейнеткерлерді жеңілдікпен немесе тегін емдеу жүзеге асырылуда. Ауру, мүгедек адамдарға берілген «SOS» жедел телефонным пайдалануды үйрету жұмыстарында кеңес мүшесі, бұрынғы дәрігер Т.Нұрманов қатысып,

қосымша бақылау ұйымдастыруда. Осындай «SOS» жедел телефонның біздің ауданнан 58 адам алды.

Сонымен қатар, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ата Заңымыз бен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай, келелі жұмыстар атқарылуда. Мектептердегі патриоттық тәрбие жұмыстарына кеңес мүшелері үнемі қатысып, отан-сүйгіштік тақырыптарда ой бөлісіп, үлгі-өнеге көрсетіп жүр.

Аудандағы әрбір қарт кеңес мүшелерінің қамқорлығында. Олардың аты-жөнін, үй-жайын, отбасын кеңес мүшелері жатқа біледі. Ардагерлерге ардагерлер құрмет көрсетуде.

Ошақбай СУХАНБЕРЛИН.

ОРТАЛЫҚ АҚПАРАТ
ДЕНСАУЛЫҚ АҚЦИЯСЫ

Тұрғындардың денсаулығын көше-шенті түрде зерттеп, бақылаудан өткізіп отыру бұлжымас қағида. Балқаш қаласында осы тұрғыда арнайы акция басталған болатын.

Біраз сырқат жан осы арнайы тексеріс кезінде анықталып отыр. Оның көбісі жұмыссыз жүргендер қатарынан. Тағы да дерекке сүйенейік, 2500 адам екі жылдан бері жұртталы өлке-үлгі ауруына қарсы тексерістен өтпеген екен. Қазір уәскелік мед-бибі, емхана қызметкерлері, бөлім-шелік полициялар үй-үйді аралап, «Флюорографиядан өтіңіз!» атты акцияны насихаттауда.

Қаланың бірнеше емханаларында жылжымалы рентген аппараттары қойылып, жұртталы өлке құрт ауруына қарсы алдын алу шараларын ұйымшылдықпен жүргізуде.

Өз тілшімізден. БАЛҚАШ қаласы.

Жаңа кітап



«Төрелер шежіресі»
жаңа кітап

Мирас АСАН,
«Орталық Қазақстан»

Ұлы далада мемлекеттің саяси жүйесі құрылған кезеңде төре әулеттері билікті іске асыру қызметін мойнына алған. Қазақ мемлекетінің бірнеше мыңжылдық тарихы төре әулеттерімен тығыз байланысты, оның ішінде, бергі сегізжүз жылдық кезеңде билік басында болған Шыңғыс ханнан тарайтын төрелердің орны ерекше.

Аталмыш еңбекті белгілі тарихшы, ғылым докторы Жамбыл Артықбаев қазақ халқының мемлекеттік тарихында аса маңызды қызмет атқарған төрелер қауымының тарихына, қоғамдағы орнына, саяси қызметіне арнапты.

Кітап мазмұны қазақ тарихының ең ежелгі дәуірінен бастап, Еуразияның Ұлы даласында пайда болған мемлекеттердің тарихының негізгі кезеңдерін қамтиды.

Сонымен бірге, автор қазақтың төре қауымынан шыққан билеуші әулеттері мен ұлы тұлғаларын суреттеп, төрелердің қазақ этноәлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметін саралауға күш салған. Аты аңызға айналған хандар мен сұлтандардың шежіресі қысқаша баяндалады.

Төре институтына арналған ғылыми зерттеулердің қазақ тарихында өлі де жоққа тән, бар болса да бірлі-жарым екенін айта кету керек.

Батыс және Шығыстың жазбаша және қазақтың ауызша тарихи деректерінің мол кешеніне сүйеніп жазылған «Төрелер шежіресі» тек қана кәсіби тарихшылар мен этнологтарға ғана емес, сонымен бірге тарихсүйер қауымға да арналады.

Кітап «Тенгри» баспасынан жарық көрді.

Заң және біз

Алимент төлемдерін жалақыдан немесе өзге де табыстардан үш ай бойы өндіріп алу мүмкін болмай жатқанда сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету шараларын қолданады және өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүлікті қоспағанда, борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолданады.

Мүліктен өндіріп алу туралы сот орындаушысы қаулы шығарады. Берешек өтелген кезде атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етудің қолданылған шаралары тоқтатылуға жатады. Алименттер бойынша бере-

шек мөлшерін сот орындаушысы өндіріп алушының тандауы бойынша борышкердің өндіріп алу жүргізілмеген уақыт ішінде алған не оның берешегі айқындалған кезде алған нақты жалақысын (табысын) негізге ала отырып, шешім орындалатын

жерде белгілейді. Егер борышкер бұл кезеңде жұмыс істемеген немесе оның жалақысын өзге өзге де табысын растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда алимент бойынша берешек оны өндіріп алу кезінде Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшері негізге ала отырып айқындалады.

Борышкердің алимент бойынша берешегі оны төлеуден жалтарту сал-

дарынан құралған жағдайда берешек сомасына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес тұрақсыздық айыпақы есептеледі.

Борышкермен еңбек қатынасында тұрған немесе ол табыс алатын адамдар сот орындаушысы тағайындаған мерзімде борышкердің жұмыс орны мен оның табыстары, атқарушылық құжатқа сәйкес ұстап қалу жүргізілгенді және өндіріп

алынған соманың өндіріп алушыға жіберілгендігі туралы, борышкердің ақша сомалары мен мүлкінен өндіріп алу жөнінде, сондай-ақ борышкердің жұмыстан босатылғаны туралы, егер өздеріне белгілі болса, оның жаңа жұмыс орны немесе тұратын жері туралы дәйекті мәліметтер беруге міндетті. Сот орындаушысының бұл талаптарын орындамау өкімшілік жауаптылыққа өкел соғады. Барлық алимент төлемдері бой-

ынша берешекті өндіріп алу алимент төлеушінің жалақысынан және басқа да табыстарынан жүргізіледі.

Сот орындаушысының берешекті айқындау туралы қаулысына заңда белгіленген тәртіптен шағым жасалуы немесе наразылық білдірілуі мүмкін. Сот орындаушысы өндіріп алушының (заңды өкілінің) өтініші бойынша кез келген уақытта, бірақ көп деңгейде тоқсанна бір рет борышкердің

жалақысы мен басқа да табыстарынан ұстап қалудың және ұсталған сомаларды өндіріп алушыға жіберудің дұрыстығы мен уақтылы жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады.

Сағындық АЙТБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысының Әділет департаменті Қазыбек би атындағы сот орындаушылар аумақтық бөлімінің аға сот орындаушысы.

АЛИМЕНТ БЕРЕШЕКТЕРІН ӨНДІРІП АЛУ